

Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеудің және кодтаудың халықаралық жүйесіне көшуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 шілдедегі N 1113

Техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың халықаралық осы секілділермен үйлестірілген, өзара байланыстырылған ұлттық жіктеушілер жүйелерін құру, ақпараттың ведомствоаралық құйылуының келісілуі проблемаларын шешу және әртүрлі басқару органдары пайдаланатын номенклатуралар мен жіктеушілердің салыстырылмаушылығын болдырмау мақсатында, сондай-ақ мемлекетаралық стандарттау, метрология және сертификаттау саласында уағдаласылған саясат жүргізу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың халықаралық жіктеушілерін тікелей қолдануды регламенттейтін тәртіп әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқарушы органдары:

халықаралық нормалар мен талаптарға сәйкес техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың қолданылып жүрген жіктеушілеріне талдау жүргізсін және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігіне 1997 жылдың 1 қарашасына дейін техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтаудың халықаралық жүйесіне кезең-кезеңмен енгізудің бағдарламасын қалыптастыру үшін оларды үйлестіру (әзірлеушілері мен мерзімдерін көрсете отырып) жөнінде ұсыныс табыс етсін;

қолданылып жүрген халықаралық нормалар мен талаптарға, заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген Стандарттаудың мемлекеттік жүйелерінің стандарттары мен ережелеріне сәйкес техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың халықаралық және Ұлттық жіктеулерін әзірлеуді және қолдануды жүзеге асырсын;

жіктеу мен кодтау мәселелерін қозғайтын заң және нормативтік актілердің, мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігімен және Ұлттық статистика агенттігімен міндетті түрде келіссін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау,

метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының

техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеудің және кодтаудың халықаралық жүйесіне кезең-кезеңмен көшуінің бағдарламасын әзірлесін және оны 1998 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК